

ИЛҒА ЖАҚАНОВ

Ильяс Жақанов 1936 Жамбыл облысының, Сарысу ауданы Ақтоғай ауылында дүниеге келген. Композитор, өнер зерттеушісі, жазушы – Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1990), Қырғызстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері (1994). Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері (1998). ҚазҰУ-ды бітірген (1959). 1959-63 жылдары «Қазақстан пионері» (Қазіргі «Ұлан») газетінің әдебиет және өнер меңгерушісі, 1963-84 жылдары Қазақстан теледидар және радиохабарлар жөніндегі мемлекеттік комитетінде редактор, аға редактор, Қазақстан радиосы музыка редакциясының бас редакторы қызметін атқарған. 1984 жылдан шығармашылық жұмыста, 1990 жылы қазақ күйшісі, қобызшы Ықылас туралы «Ықылас» романы жарық көрді. Қазақ өнері қайраткерлерінің өмірін зерттеу негізінде «Екі жирен» (1976), «Бірінші концерт» (1971), «Махаббат вальсі» (1983), «Аққулар қонған айдын көл» (1988) атты деректі жинақтары бар. Ол «Біржан сал», «Ақан сері», «Үкілі Ыбырай», «Естай әнші», «Жаяу Мұса», «Майра», «Мәди» т.б. сал-серілер ғұмырнамасын, Қазақстан композиторлар М.Төлебаев, Л.Хамиди, С.Мұхамеджанов, Қ.Мусин, Б.Байқадамовтардың шығармашылық портреттерін жасады. И.Жақанов «Әселім әнім», «Даниярдың әні», «Еділ мен Жайық» т.б. халыққа кең танымал әндердің авторы. «Шоқан және музыка», «Жамбыл және музыка», «Сәкен және музыка» атты деректі фильмдері бар.

241. АРҚАНЫҢ АРУЫ

Орындаған Қайрат Байбосынов

Орташа, сезіммен



Жа - нар - қа - ның таң - ға - жа - йып, Жан - ға ра - хат са - ма - лы.

Көз ал - дым - да жан қал - қа - ның, Мөл - ді - ре - ген жа - на - ры.

Ар - қа - ның ай - лы тү - нін - де, Ақ - та - рып е - дік ар - ман - ды.

А - ға - жан де - ген ү - нін - де Бір ү - міт жа - нып қал - ған - ды.